

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 2 қыркүйек N 132-ө. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.17. N 129 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2002 жылғы 13 маусымдағы N 77 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 2 қыркүйектегі
N 132 өкімімен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі
Кеңсесінің Басшысы арасында
МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ**

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
И.Н.Тасмағамбетов**

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Үкіметтің заң шығару қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияға, Республикалық бюджет комиссиясына басшылық жасау.

Қорғаныс, мәдениетті дамыту, ұлтаралық қатынастар, мемлекеттік материалдық резервтер, төтенше жағдайлар мәселелері.
Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылау.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші
о р ы н б а с а р ы**

А.С.Павлов

Экономиканы жедел басқару, аймақтық саясат мәселелері.

Экономикалық жоспарлау және даму, қаржы, салық және тариф саясаты, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері.

Үкіметтің Ұлттық Банкпен, халықаралық қаржы және экономика ұйымдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

Қазақстанның Даму Банкінің қызметін үйлестіру.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Статистика жөніндегі агенттіктің, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттіктің, Кеден бақылауы агенттігінің, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
К.Қ.Мәсімов**

Инвестициялық саясат, экспорттық бақылау және жұмылдыру жұмысының, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі мәселелері.

Мемлекеттік органдардың өндірістік саланы, инфрақұрылым мен жаңа технологияларды (өнеркәсіпті, энергетика секторын, құрылысты, көлік пен коммуникацияларды) дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері.

Геология, жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын сақтау мәселелері.

"Байқоңыр" ғарыш айлағының мәселелері.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қ а т ы н а с т а р д ы ү й л е с т і р у .

Астана қаласы жаңа орталығының құрылысын салу жөніндегі мемлекеттік комиссияға б а с ш ы л ы қ ж а с а у .

Индустрия және сауда министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары**

Б.Ә.Мұхаметжанов

Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру.
Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді ажырату мәселелері.
Мемлекеттік органдардың әлеуметтік саланы дамыту, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, спорт пен туризм мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.
Көші-қон және демографиялық саясат, әлеуметтік әріптестік мәселелері.
Қазақстан Республикасында Денсаулық жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияға, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңеске басшылық жасау.

Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Қаржы полициясы агенттігінің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
А.С.Есімов**

Мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік агрозық-түлік бағдарламасын іске асыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Аграрлық ғылым, экология, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, жер және су қатынастары мәселелері.

Ауылдық аумақтарды дамыту, ішкі көші-қон мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне басшылық жасау.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің
Б а с ш ы с ы**

А.А.Тілеубердин

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру, мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті қамтамасыз ету бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің аймақтық саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталарының аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК